ISSN 1563-0307 • Индекс 75875; 25875



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

# ХАБАРШЫ

ФИЛОСОФИЯ СЕРИЯСЫ. МӘДЕНИЕТТАНУ СЕРИЯСЫ. САЯСАТТАНУ СЕРИЯСЫ

# ВЕСТНИК

СЕРИЯ ФИЛОСОФИЯ. СЕРИЯ КУЛЬТУРОЛОГИЯ. СЕРИЯ ПОЛИТОЛОГИЯ

# BULLETIN

PHILOSOPHY SERIES. CULTURAL SCIENCE SERIES. POLITICAL SCIENCE SERIES

2/1(51) 2015

# CONTENTS

## Section 4

## Articles of the second international Farabi forum «Al-Farabi and Modernity»

*Масалимова Ә.Р.*
Приветственное слово ........ 390

*Abdigalieva G.K., Nasimova G.O.*
The political philosophy of Al-Farabi and the present........ 392

Alikbayeva M.B., Tanabayeva A.S.
Music and spiritual existence in the doctrine of al-Farabi ........ 398

*Altayev J., Amirkulova Zh.*
Al-Farabi: the history and culture of Islam........ 406

*Argynbaeva M.H.*
Al-Farabi - The perfect man........ 412

*Askar L.A., Atash B.M., Kuranbek A.A.*
Place of logical doctrine in al-Farabi philosophy ........ 416

*Atash B.M., Askar L.A., Kuranbek A.A.*
The problem of «non-existence» in the philosophy of al-Farabi ........ 426

*Barlybayeva G.G.*
Ethical philosophizing of al-Farabi in the context of Kazakh philosophical thought........ 432

*Bidaibekov E.Y., Kamalova G.B., Bostanov B.G., Djanaberdieva S.A.*
Mathematical heritage of al-Farabi in modern cases of education ........ 442

Bukhayev A.N.
Ways of achievement of happiness are in the philosophy of al-Farabi and al-Gazali ........ 448

*Gunther Schlee, Patrick Heady*
Kinship and social structure: Central Asia in a global perspective........ 454

*Jekebayeva M.A., Dussenova N.K.*
Al-Farabi - a prominent thinker of Islamic culture........ 466

*Yskakova Z.E., Kokeyeva D.M., Ismagulova S.A.*
The concept of «soul» in the examples treatises al-farabi and «Bhagavad gita» ........ 472

*Kirabaev N.S.*
East peripatetic........ 478

*Konyrbayeva K.M.*
Ethical values in Al-Farabi;s geritage........ 484

*Kurmanaliyeva A.D., Meirbayev B.B., Utebayeva D.S.*
The role of the heritage of Al-Farabi in intercultural dialogue........ 488

*Kaliyeva Sh.S.*
About the concepts «poetry» and «imitation» in the poetic heritage of Abu Nasr al-farabi ........ 494

*Manassova M.M., Mukhanbet A.A.*
The essence of the "city" in the treatises of al-Farabi and symbolic significance of the monuments of Astana........ 500

[21.31.41

*Искакова З.Е., Кокеева Д.М., Исмагулова С.А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: zaure_india@mail.ru

# ӘЛ-ФАРАБИ [Т]РАКТАТТАРЫНДАҒЫ ЖӘНЕ «БҺАГАВАТ-ГИТА» МӘТІНІНДЕГІ «ЖАН» ТҮСІНІГІ

«Жан» ұғымын түсіну ерте кезеңнен бастап қолған алынған мәселенің бірі. әрекет жасалды. Ежелгі гректерде «жан» ұтымды талдауға қолайлы философиялық түсінік ретінде қарастырылды. Сократқа дейінгілердің барлығы адам тіршілігінің екі іргелі өлшемі – жан мен тән ара-қатынасы туралы сұрақпен айналысқандығы деректерден белгілі. Алайда, сол кездің өзінде де, қазір де адамзат болмысының бұл күрделі де басты сұрағына байланысты нақты түсіндірме жоқтың қасы деп айтуға болады. Платонның пікірінше, жан мен тән бір-бірінен бөлек өмір сүреді десе, Аристотель жан мен тән бәр бірімен тығыз байланыстыт деген пікірді алға тартты.

Араб философтарының зерттеулері де Платонның көзқарасына ұқсас болып табылады. Мысалы, әйгілі араб философы және дәрігер Авиценнаның (Ибн Сина) ұйғарымынша, жан өлмейді, сондықтан ол рухын жетілдіріп, мәңгі өмір сүреді, – деп пікірлерін білдірсе де, жанның қоныс аударуымен келіспейді. Өйткені бұл жағдай жан мен тәнді шамадан тыс байланыстырады дейді. Жанның басты міндеті деп ол Құдайды тануға кедергі жасайтын сезімдерден арылу деп есептейді. Бұл көзқарасқа жан мен ақыл-ойдың мәңгілігін байланыстыратындығын түркі ғалымы әл-Фараби де келіседі. Әл-Фараби ілімінің маңызды пунктіне жан мен ақыл-ой түсінігі, жан мен тәннің бірегейлігі, жанның тәнсіз өмір сүре алмауы жатады. Сонымен бірге, әл-Фараби ақыл-ойдың ерекшелігін денелік емес, бейматериалды болмыс, ақыл-ойдың жоғарғы сатыға көтерілуі арқылы, адамның дамылсыз жігерінің арқасында тәннің құрсауынан босайды және ыдыраудан құтылады деп пайымдайды: «Адамның жаны жетілген болмысқа көтерілгені соншалықты ол өзінің өмір сүруі үшін материяны қажет етпейді...ол материядан бөлінген түп негізбен бірігеді және сол күйінде мәңгі өмір сүреді»[1].

Әл-Фараби трактаттарының көп беттері жан мен тән мәселесіне арналған. Әл-Фараби бойынша жан мен тән абсолютті бірлікте болады. Өзінің «Сұрақтардың мәні» атты трактатында ол тәннің алдында жанды бірінші деп қарастырған Платонға қарсы шығады. «Платонның айтуындай, жан тәннен бұрын өмір сүре алмайды – деп жазады әл-Фараби». Жан тәнмен бір уақытта пайда болады, бір тәнде екі жанның болуы мүмкін емес, және де жан бір тәннен екінші тәнге қоныс аудара да ал-